

Қатонқарағай мемлекеттік ұлағаттық табиғат паркін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 шілде N 970

Ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық бағалы Оңтүстік Алтайдың бірегей табиғат кешендерін сақтап қалу және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Беріл және Қатонқарағай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелері оларды "Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Мекеме) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мекемеге әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен Беріл және Қатонқарағай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелеріне тиесілі жалпы алаңы 515538 гектар жер участеклеріне арналған тұрақты жер пайдалану құқығы берілсін. Мекемеге Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының жер қорынан жалпы алаңы 127939 гектар жер участеклері тұрақты пайдалануға қосымша берілсін.

3. Мекеменің жерлері - ерекше қорғалатын табиғат аумақтары жерлері санатына, ал осы аумақтағы ормандар - қорғалатын "мемлекеттік ұлттық табиғат парктерінің ормандары" санатына жатқызылсын.

4. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Мекеменің жерлерін ерекше қорғауды қамтамасыз ету үшін осы аймақтың шегінде мемлекеттік табиғи-қорықтық қордың объектілерін сақтауға және ұдайы өндіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым сала отырып, оның сыртқы шекарасы бойымен қорғау аймағын белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен жергілікті жердегі Мекеме жерлерінің шекараларын анықтасын.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі белгіленген тәртіппен:

- 1) екі ай мерзімде Мекеме туралы ережені бекітсін;
- 2) осы қаулыдан туындаитын басқа да шараларды қабылдасын.

7. Мекемені қаржыландауры республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын ұстауға көзделген қаражат есебінен және сома шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

8. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті мен оның қарауындағы жекеленген ұйымдардың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 198 Р000198_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 74-күжат) мынадай толықтыру мен

өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи

ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" мемлекеттік мекемесі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" мемлекеттік мекемесі";

2) көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

1-бағандағы:

"50. "Беріл орман шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қесіпорны

61. "Қатонқарағай орман шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қесіпорны" деген жолдар алынып тасталсын;

2-бағандағы:

"44. Беріл орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі

54. Қатонқарағай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" деген жолдар алынып тасталсын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.